

Буккроссингтің ашылуы

10 ақпан «Геодезия және картография жоғары колледжінде» кітапханашылардың ұйымдастыруымен жатақхана оқу залында кітаптармен алмасуға арналған буккроссинг ашылды. Буккроссинг акциясының мақсаты: оқырман арасында «кітап алмастыру» акциясын жүргізу; әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру; кітапханаға оқырмандарды тарту.

Бұл іс-шара саналы ұрпақты тәрбиелеуде үлкен маңызға ие. Кітап оқу, кітаппен дос болу рухани кемелдікке ұмтылудың алғашқы қадамы. Кітап ол мәңгілік қалатын дүние. Ұйымдастырушылардың пікірінше, кітапқұмар студенттер ұнаған әдебиетін тегін таңдап, өзі оқыған кітаппен алмастыра алады. Алмастыратын кітап болмаса бұл туындыны басқа оқырман оқи алады. Колледж тұрақты оқырмандарының арасында буккроссинг акциясына қатысушылар саны артады деген үміттеміз.



